



А.Ә. Рамазан¹, Н.К. Қуантаев¹, Б.Ж. Каримова²

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
²Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған, Қазақстан

«Сарыарқа» газетінің қазақ журналистикасы тарихындағы орны

Андатпа. Мақала қазақ журналистикасы тарихында ерекше орны бар, «Алаш» партиясының жария үні болған «Сарыарқа» газетінің тарихы мен шығарушылары туралы, тақырыптық ерекшеліктері жөнінде деректерді салыстыра бағамдауға арналып отыр.

Қазақ журналистикасы тарихында тұңғыш саяси басылым ретінде шығып тұрған «Сарыарқа» газеті алғашқы сандарынан бастап халыққа бостандық пен теңдіктің мәнін терең түсіндіріп, үндеу жасап, саяси өзгерістерді батыл талдауға үлгі көрсете білген басылым. «Алаш» партиясы құрылғаннан бастап, партия тарапынан өткізілген іс-шаралардың бәрі газет бетінде толық көрініс тапты. А.Байтұрсынұлы шығарған «Қазақ» газеті қазақ ұлтының оянуына түрткі болса, ал «Қазақтан» нәр алған «Сарыарқа» басылымы оянған ұлттың жаңа мемлекет құрудағы талпынысын, ұмтылысын толық бейнелей алды.

Зерттеу мақаланың мақсаты – «Алаш» партиясының жария үні болған «Сарыарқа» газетінің қазақ елінің шынайы тарихын қалыпта келтірудегі маңыздылығын басты назарда ұстай отырып, қазақ журналистикасының дамуына қосқан үлесін бағалау, басылымда қажырлы еңбек еткен Алаш қайраткерлерінің публицистикалық мұрасына баға беру және бүгінгі ұрпаққа насихаттау.

Мақаланы жазу барысында «Сарыарқа» газетіне қатысты тың деректер пайдаланылды, бұркеншік есімдерге талдау жасалынып, басылымның тарихы мен даму ерекшеліктеріне сараптама жасалынды.

Түйін сөздер: қазақ журналистикасы, Сарыарқа, Алаш, тарих, авторлар, таралым, баспа қызметі.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7174-2022-141-4-51-58>

Кіріспе

XX ғасырдың алғашқы ширегінде шыққан қазақ баспасөзінің ұлттың санасын оятуда маңызы зор болды. «Түнерген бұлттар арасынан» кейде ыммен айтып, кейде еппен айтып саяси ахуалдан хабардар ете отырып, ұлт рухын оятуды мақсат еткен, халықты өнер, білімге үндеген, етек-жеңін жиып, еңсесін тіктеуге жетелеген «Қазақ» газетінің дара жолын төңкерістің алды-артында шыққан қазақ басылымдарының дені үлгі тұтты. «Қазақ» басылымы салған соқпақ жолды сүрлеуге айналдырды. Жер шалғайлығына қарамастан әр аймақта шыққан қазақ басылымдарының

мақсаты бір, бағыттары айқын еді. Ол жол – алаштың жолы, тәуелсіздікті ұлы мұрат еткен күрескерлік жол. Алаштың жолында иық тірестіре тұрған «Қазақ», «Сарыарқа», «Бірлік туы», «Жас азамат», «Абай» сынды басылымдардың елшілдік ұстанымы, ұлтжандылық қасиеті бүгінгі басылымдардың қай-қайсысына болса да үлгі болғандай. Біз бұл мақаламызда алашшыл басылымдардың бірі хәм бірегейі «Сарыарқа» газеті туралы сөз етпекпіз.

1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін бостандықты, теңдікті ту етіп шыққан басылымдардың бірі – «Сарыарқа» газеті. Газет 1917 жылдың маусым айынан бастап (1 саны

әзірге табылмағандығы себепті, нақ қай күні екендігін айта алмаймыз – А.Р.) 1919 жылдың қыркүйек айына дейін Семей қаласында шығып тұрды. «Сарыарқа» газетінің жалпы 88 саны жарық көрген.

Қазақ халқының «көзі мен құлағына һәм тіліне» айналған «Қазақ» газеті тетелес «Сарыарқа» басылымының шығуын ел-жұртқа қуана хабарлап, құлақтандыру берді: «Семейде шығаруға қам қылып жатқан «Сарыарқа» газетінің» 1 нөмері келді. Газет әзірге жұмасына 1 рет шықпақ. Жылдық хақы 6 сом, жарты жылдығы 3 сом 25 тиын. «Сарыарқа» көңілдегідей жақсы. Жолдасымызға құтты болсын айтамыз. Алдырушыларға «Сарыарқаның» адресі: Семипалатинск. Ред.газ. «Сарыарқа» – деп басылым туралы хабар таратты [1, 18 б.].

Материал және әдістер. «Сарыарқа» газеті – қазақ журналистикасы тарихындағы тұңғыш саяси басылым. Газеттің алғашқы сандарынан бастап бостандықтың, теңдіктің мәнін терең ұғындырған, еңсені тіктеп, ел болудың қамына шақырған үндеу сипатты мақалалар мен мемлекет құрылымындағы саяси өзгерістерді талдаған батыл да терең саяси талдаулар үзбей жарияланып тұрды. Тіпті газет бетінде жарияланған бірлі-жарлы өлеңдердің өзінің саяси реңкі басым болды. С. Торайғыровтың «Сарыарқаның жаңбыры», «Алаш ұраны», С. Дөнентаевтың «Сарыарқа анамызға», «Қаулы», І. Жансүгіровтің «Тілек», Ғ. Қараштың «Алаштың азаматтарына» атты саяси сарындағы өлеңдерінен редакция ұстанымын айқын аңғаруға болады. Газетте басқа тақырыптағы көркем шығармалар басылмаған.

Бірнеше жыл қатарынан үзбей шығып тұрған «Сарыарқа» басылымының бастапқы мақсаты – төңкерістің нәтижесіндегі саяси жағдайларды бұқараға ұғындыру, билікке келген уақытша үкіметке қолдау көрсету, жаңадан құрылған облыстық қазақ комитетінің міндетін түсіндіру болды. Сонымен бірге, елдегі комитет жұмысын жандандыру, құрылтай сайлауына дайындық, игілік қауымы (кооператив), уақ қарыз серіктігі (кредитное товарищество) сияқты ұйымдар құруға жетелеу, земство жайын түсіндіру, азық-түлік мәселесін реттеу сияқты маңызды мәселелер төңірегінде әлеуметті ұйыстыруды газет өз мойнына алды. Семейдегі Қазақ комитетінің программасы да «Сарыарқа» бетінде басылып, халыққа таныстырылды [2, 13 б.]. Комитет өз бағдарла-

масында сол тұстағы маңызды мәселелердің маңдайалдысы – Автономия алу мәселесін көтеріп, ал осы іргелі ел болуға талпыныста тірек болар – сот ісін, ақша ісін реттеуді қолға алатындықтарын мәлім етті. Қазақтың қазақтығын сақтап қалар – жер мәселесі, дін мәселесі, оқу-ағарту мәселесі де назардан тыс қалмады. Қазақтың марқасқалары – Ж. Ақпаев, Р. Мәрсеков, Х. Ғаббасов, Б. Сәрсенов, Ә. Ермеков, А. Қозыбағаров, Н. Құлжанов, Н. Құлжанова, М. Малдыбаев, М. Тұрғанбаев, Т. Құнанбаев, Ж. Аймауытов (кандидат), т.б. азаматтар басылымда үзбей материалдар жариялап, жаңадан жасақталған Семей облыстық Қазақ комитетінің жоспарлы бағдарламаларының іс жүзінде жүзеге асуы жолында аянбай еңбек етті.

1917 жылдың қараша айында Семейде Алаш партиясының уақытша облыстық комитеті ашылады. Комитетке Ә. Ермеков, Р. Мәрсеков, И. Әлімбаев, А. Қозыбағаров, Т. Құнанбаев, Х. Ғаббасов, С. Дүйсенбин, Ә. Бөкейхан, М. Малдыбаев, Ә. Молдабаев, Б. Сәрсенов сайланады. Комитеттің төрағасы болып Халел Ғаббасов, қазынашы болып Әнияр Молдабаев, ал комитет төрағасы болып Әлихан Бөкейхан сайланған болатын [3, 57 б.].

Дәл осы тұстан бастап «Сарыарқа» басылымының тақырып ауаны өзгеріп, «Алаш» тақырыбы – басылымның негізгі бағытына айналды. Бірте-бірте «Сарыарқа» газеті «Алаштың» шынайы тілекшісіне, ұраншысына айналады.

Осыған орай газет бетінде «Алаш» партиясының қарекеттері толықтай көрініс тапты. «Алаш» партиясының құрылтай сайлауына дайындығы, оған қатысатын депутаттар саны да басылым беттерінде үздіксіз жарияланып отырды. Сайлаудың мәні және дауыс беру реті бір емес, бірнеше рет бұқараға газет арқылы қайталанып берілгенінен түсінуге болады. «Алаш» партиясы бағдарламасының жобасының негізі ретінде «Қазақ партиясы «Алаштың» тұтынатын жолының жоспары» басылымның №20 санында жарық көрді [4].

«Алаш» партиясының мүшелікке талаптары да басылым назарынан тыс қалмады. Оны басылымда жарияланған мына хабарламадан айқын аңғаруға болады: «Алаш» партиясының бағдарламасын жақтырып, жөн көрген, бағдарламадағы өзекті мәселелерді іске айналдыруға тырысатын кісі кіреді. «Алаш» бағдарламасынан таймайтын, өтірік айтпайтын, шыннан қайтпайтын, жақындық туысқа-

нына бүйрегі бұрмайтын, дүниелікке қызығып сатылмайтын, шыншыл, әділ, тура кісі кіреді. Сыртын берсе іші басқа, тілін берсе жүрегі басқа болатын, сөзіне ісін үйлестірмейтін, алаш жолынан ауып, айтысып-тартысуға жарамайтын, ауырлық келсе бұлт беретін, қорқақ, айнымалы мінезі бар кісі «Алаш» партиясына кірмейді. Алаш партиясына кіремін деген кісі осы айтылған шарттарды ойлап, толғап, жүрегі қалайтын болса ғана кіруге жөн» – деп жазылған [4].

Ал 1917 жылдың желтоқсан айының 5-13 жұлдызы аралығында Орынборда өткен Жалпықазақ съезінде «Алашорда» уақытша үкіметі құрылып, оның уақытша тұратын орны болып Семей қаласы бекітілгеннен кейін [3,59 б.], «Сарыарқа» газеті «Алашорданың» үніне айналады. Бұдан кейінгі кезеңде Алаш автономиясын жариялау, оны сақтау үшін қаржы жинап, әскер жасақтау қажеттігі «Сарыарқа» газеті арқылы қарапайым халыққа түсіндірілді. Редакциядағылар әлеумет ісіне де белсене араласып, босқын қырғыз-қазақ, мұқтаж шәкірттер пайдасына ел тарапынан жиналып жатқан жылу жинау ісінен де оқырманды ұдайы хабардар етіп отырды. Алаш қаласындағы аштарға жылу жинайтын кіндік комитет есебі де газет бетінде басылып тұрды. Алашорда үкіметі мен совет үкіметі арасындағы келіссөздер де «Сарыарқа» газетінде жарық көрді. Жалпы Алашорда үкіметі тарапынан істеліп жатқан қарекеттердің бірде-біреуі «Сарыарқа» газетінің назарынан тыс қалмады.

Әрине, Семей өңіріне кең тараған Алаш идеясы, тәуелсіздік идеясы 1905 жылғы «Қарқаралы» петициясынан бастау алатынын естен шығармағанымыз ләзім. Сонымен қатар, «Алаштың» бас идеологы Әлихан Бөкейханның Абайдың інісі Кәкітаймен және баласы Тұрағұлмен достық қарым-қатынаста болып, Семейге жиі ат басын тіреуі – бұл өңірде Алаш идеясының ерте тарауына себепкер болғаны сөзсіз. Ал 1917 жылғы Ақпан төңкерісі сол идеяның іс жүзінде жүзеге асуына мұрындық болса, сол асыл мұраттың жаршысы «Сарыарқа» газеті болды деп толық айта аламыз.

Газеттің алғашқы редакторлары ретінде қызмет еткен иісі қазаққа мәлім – Райымжан Марсеков пен Халел Ғаббасовтар болды. Олардан кейінгі редакторлары – Имам Әлімбеков пен Шынже Керейбаевтар. Қолымызға

тиген сандары бойынша нақты айтар болсақ, алғашқы 2-7, 15 сандарына Райымжан Марсеков, одан кейінгі 11-14, 21, 22, 29-42, 57 сандарына Халел Ғаббасов, ал 16-20, 23-28, 64-74 сандарына дейін Имам Әлімбеков, 75 пен 88 сандар арасына Шынже Керейбаев қол қойған [5]. Алаш қайраткері Халел Ғаббасов пен «Сарыарқа» газетін «Қазақ» газетінің емлесімен шығару мақсатында Орынбордан арнайы келген Имам Әлімбеков басқаларға қарағанда редактор ретінде көбірек қол қойған. Газеттің соңғы редакторы болған Шынже Керейбаев «Сарыарқа», «Абай» басылымдары шыққан Семейдегі Қазақ комитеті баспаханасының бастығы қызметін қатар атқарған.

Газет Семей облыстық қазақ сиезінде газет, кітап бастыруды мақсат етіп құрылған «Теңдік» серіктігінің қаржысына шығып тұрды. Серіктікке қадірменді ақсақалдар, ел ағалары, оқыған азаматтар мүше болған. Шамамен жүздің үстіндегі адам мүше болған серіктіктің жарна көлемі 500 сом мен 25 сом аралығында болды. 500 сом жарна төлеп мүше болғандар: Иемберді Әділов, Мұсатай Молдабаевтар, ал 100 сом төлеп мүше болғандар арасында Садуақас Шорманов, Медеу Оразбаев және оның үрім-бұтағы Санияз Медеуов, Хайдар Медеуов, Жәлел Медеуов, Ғабдыслам Медеуов, Мұхамедхан Сейітқұлов (ғалым Қайым Мұхамедхановтың әкесі), 50 сом төлеп мүше болған арасында Райымжан Мәрсеков, Мұқыш Поштаев, 25 сом жарна төлеп мүше болғандар арасында Шәкерім Құдайбердин, Архам Ысқақов, 20 сом жарна төлеп мүше болғандар қатарында Әбікей Сатпаев, Маннан Тұрғанбаев сынды Семей өңіріне белгілі азаматтар болды [6, Б.46-47].

Газетке үзбей жазып, белсенділік танытқан авторлар қатарында Сұлтанмахмұт Торайғыров, Тұрағұл Құнанбаев, Жүсіпбек Аймауытов, Сәбит Дөнентаев, Имам Әлімбеков, Маннан Тұрғанбаев, Мұхтар Әуезов, Міржақып Дулатов, Шайбай Айманов, Биахмет Сарсенов, Мұстақым Малдыбаев, Шаһкәрім Құдайбердиев, Халел Ғаббасов, Смахан Бөкейханов, Садуақас Шормановтар болды. Жүсіпбек Аймауытов кейде «Жүсіпбек, А.Ж., Сүйіндік баласы» деген бүркеншік есімдермен, ал Мұстақым Малдыбаев кей уақытта «Мұстақым, М. М.» деген бүркеншік есімдермен, сондай-ақ Маннан Тұрғанбаев «М.Т.», Шайбай Айманов кей кезде «Би баласы, Ш.А.», Міржақып Дулатов «Мадияр, М-ЯР»,

Биахмет Сарсенов «Б.С.» деген бүркеншік есімдермен мақалаларын жариялап тұрды. Әлихан Бөкейханның бірнеше мақаласы «Қыр баласы, Әлихан» есімімен жарық көрді. Ал газеттегі «Мауыт», «Табыт», Р.Н., «Ырғызбай», «Байымбет», М.С., «Жас Алаш», «Жас Қазақ», А.А., Медет, Сұңқар деген бүркеншік есімдердің құпиясын ашу – болашақтың ісі. Ырғызбай – Тұрағұл Құнанбаевтікі болуы мүмкін. «Жас алаш» бүркеншік есімін пайдаланған автордың саяси сауаттылығы, зияткерлік қуаты, сөз саптауы ерекше назар аудартады. Сонымен бірге, көзі ашық азаматтар, мұғалімдер ел ішіндегі жаңалықтарды газетке үзбей жазып отырды.

«Сарыарқа» газетінің «Ішкі хабарлар», «Ел хабарлары», «Газеттен», «Сыртқы хабарлар», «Тілшілерден», «Россия хабарлары», «Семей хабары» деген тұрақты айдарлары арқылы жанрлық тұрғыдан түрлі материалдар жарық көрген. Тіпті «Сарыарқа» газетінде баспасөз жанрларының – есеп, заметка, мақала, проблемалық мақала, баспасөзге шолу, репортаж сияқты түрлері толық көрініс тапқанын анық көруге болады. Газет бетінде жарияланған талантты ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Әлиханның Семейге келуі», Байымбет деген автордың «Тұңғыш құрбан» («Абай» журналында да, «Қазақ» газетінде де қатар басылған – А.Р.) репортаждарын қазақ баспасөзі тарихындағы репортаждың жауһар үлгілері санатына жатқызуға болады. Екі репортаждың да қазақ тарихының ақтаңдақ беттерін қалпына келтіруде деректік маңызы зор. Екі репортаждың да шебер жазылғаны соншалық, бір ғасыр уақыт өтсе де, оқыған сайын дәл оқиғаның ортасында отырғандай сезімде боласың. С.Торайғыровтың «Әлиханның Семейге келуі», Байымбет деген автордың «Тұңғыш құрбан» репортаждары – қазақ журналистикасы тарихындағы мәңгі өлмейтін, «жанды» репортаждардың озық үлгілері. «Жүрекпен жазылған сөз – жүрекке жетеді» дегендейін, бұл репортаждар авторлардың болып жатқан оқиғаны шынайы сезінуінен, шынайы түйсінуінен, жүрекпен жеткізуінен туған ғажайып туындылар.

Талантты қаламгер С.Торайғыровтың «Әлиханның Семейге келуі» репортажында ұлт көсемі Әлихан Бөкейханға деген халықтың ыстық ықыласы, шексіз сүйіспеншілігі толық көрініс тапқан. Автор Әлекеңді қарсы алу барысындағы елдің көңіл толқынысын ке-

ремет суреттейді: «...Сөйтіп отырғанда поезды тосып автомобильмен алып келуге жіберген екі кісінің (Мұстақым мен Тарабаев) басы көрініп, күтіп отырған құрметті еріміздің келіп қалғаны білінді. Ал, жұрт қадір кешін көргенде мұндай сүйінбес. Әркім түре келіп, аяқ басқан жерінде қуаныштан бір-екі минут есінен айрылып па, әйтеуір дағдарыңқырап тұрды». Сезімтал ақын тағы да: «Көріністің бәрін жазуға мұршасызбын, әйтеуір, бұл көріністі көрген қазақ қаны еріксіз «Құдай бүгін алсаң да» дегенді көңіліне түсіруші еді» - дейді [6, 48 б.].

Сондай-ақ бұл репортажда:

Түймеге жарқылдаған алданбаған,
Басқадай бір басы үшін жалданбаған,
Қайткенде Алаш көркейер деген ойдан,
Басқа ойды өмірінде малданбаған – Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханның адами болмысы, азаматтық ұстанымы толық ашылады. Сұлтанмахмұт ақын бірер деталь арқылы Әлихан Бөкейханның қарапайымдылық, сабырлылық, ұстамдылық сияқты адами қасиеттерін шебер көрсете білген. Оны автордың мынадай суреттеулерінен айқын көруге болады:

Біріншіден, «Автомобильден түсіп, аман-сәлем көрсеткен соң доклад оқитын үйдің алыстығына қарамай, халықпен бірге жаяу жүрді. Мұнымен Әлиханның қайда болса халықпен бірге екендігі, бұрын мың қайтара болса, енді бірнеше қайтара ойланды» [6, 51 б.].

Екіншіден, «Алаш қаласының ақсақалдары келгенін құттықтап, ықыластарын көрсететін сөздер айтқан соң, халықтың ықыласын қабыл алып, айтқаны мынау: «Халқым, былай құрмет көрсетулеріңе лайық еңбегім сінді деп мақтана алмаймын. Сондықтан құрметтеріңе лайық жауап беруге тасырқап тұрмын» [6, 54 б.].

Тәуелсіздік алғалы ұлт көсемі – Әлихан Бөкейханның шығармаларымен таныстық, қазақ үшін жасаған қызметіне азды-көпті болса да құрмет көрсетілуде, ал Ұлт көсемінің көпшілікке әлі беймәлім адами қасиеттерін танып-білуде С.Торайғыровтың «Әлиханның Семейге келуі» репортажы негіз болары сөзсіз.

Әдебиетке шолу. Азаттықтың жаршысы, Алашорданың үні – «Сарыарқа» газетінің қазақ журналистикасы тарихында алар орны айрықша. Осылайша, журналистика тарихы бүгінгі нарықтың, жаһандану дәуірінде-

гі дамыған қоғамның сұранысын тудырып отырған ең қажетті, ең маңызды мәселе дей аламыз. Басылымда Алаш ардақтыларының азат ойлы, өр рухты ұрпақ тәрбиелеуге бағытталған көсемсөздері жарияланған. Мақалада зерттеу нысанына қатысты тарихи мұралардың бүгінгі ғылымдағы зерттелуі назардан тыс қалған емес. Әр кезеңде ғалымдар «Сарыарқа» газеті туралы түрлі көзқарастары мен тұжырымдарын білдіріп отырды. Осы орайда қазақ журналистикасының тарихын зерттеген Ү. Субханбердина, С. Дәуітов, Қ. Сақ [1], Б. Кенжебаев [7], Қ.Аллаберген, Ж. Нұсқабайұлы, Ф. Оразаевтар [8], Н. Омашев [9], Б.Жақыптың [9] еңбектері баспасөз тарихына қосылған сүбелі үлес екендігі даусыз.

Журналистика тарихын зерттеушілер қазақ журналистикасының тарихын көне замандардан, орхон жазбаларының бұрын сақ, ғұн, үйсін дәуірлерінен бастау алатындығын баса айтады. Бұл ойлар Ә. Марғұлан [10, 35 б.] мен Ә. Қоңыратбаев [11, 87 б.] сынды ғалымдар еңбектерінде көрініс береді. Журналистикатану ғылымының соңғы кезеңдегі даму сипатына зер салсақ, оның зерттеу аясының анағұрлым кеңейгендігін байқауға болады. Тіпті соңғы кездері қазақ журналистика тарихына қатысты тың дерекпен жазылған ғалымдар еңбектері әлемнің үздік ғылыми журналдарда да көрініс беруде. Атап айтар болсақ: С. Садықов., Б. Сердәлінің «Kazakh Printed Press Development in the Late 19th-early 20th Century» [12], Н. Рахимжанның «Газета нации: история казахской журналистики берет свое начало с конца XVIII века» [13], Л.Ахметованың «Media Education in Kazakhstan» [14], А. Сайлауқызының «Contemporary view to the history of Kazakhstan's democratic journalism and publicism» [15] зерттеулерін атауға болады, бұл зерттеулердің қазақ журналистикасын жаңа қырынан тануға септігін тигізери сөзсіз. Қазіргі журналистика тарихын зерттеушілерді тығырыққа тіреп отырған мәселе – бүркеншік аттардың сырын ашу болып отыр. Кезінде ғалымдар Ү. Субханбердина, Б. Кенжебаев, Т.Қожакеевтер лақап аттың құпиясын ашуда біраз тер төккені мәлім. Дегенмен сыры ашылмаған бүркеншік есімдер қаншама! Бір зерттеушінің ашқан бүркеншік есімін екінші зерттеуші жоққа шығарып жатқан жағдайларда жетерлік. Сондықтан бұл мәселенің өзі тыңғылықты зерттеуді қажет ететін тағы бір сала деп айта аламыз.

Нәтижелер мен талқылау. Газеттің белсенді авторларының біразының журналистік қызметі зерттеліп, бүгінгі оқырманға таныстырылған. Дегенмен, Алаштың белді мүшесі, хакім Абайдың ұрпағы, қаламы қарымды қаламгер – Тұрағұл Құнанбаевтың, Алашорда үкіметі төрағасының орынбасары Х. Ғаббасовтың, қазақтың алғашқы ағартушыларының бірі, Алашорда оқу комиссиясының бес мүшесінің бірі, А. Байтұрсынұлының сенімді серігі, небары 36 жасында өмірден өткен Биамет Сәрсеновтің, Алаштың мүшелері – ұстаз Мұстақым Малдыбаевтың, дәрігер, қаламгер – Шайбай Аймановтың, редактор Имам Әлімбековтердің публицистикалық мұралары зерттеушілердің назарынан тыс қалып келеді.

«Сарыарқа» мен «Абай» журналында қатар жарияланған «Тұңғыш құрбан» репортажының авторы «Байымбет» атты бүркеншік есімді анықтау – зерттеушілер арасында даулы мәселеге айналды. «Алашорданың» шежіресі іспеттес «Тұңғыш құрбан» атты репортажды жазған «Байымбетті» Бейімбет деп алғаш көрсеткен С.Сейфуллин болды [16, 16 б.]. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Алаштың ақиқатын айтуда көп еңбек сіңірген ғалым Қ. Мұхамедхановта «Тұңғыш құрбанның» авторы ретінде Б.Майлинді атады [17, 12 б.]. Бұл пікір бірер журналистің мақаласында қайталанды [18]. Ал 2003 жылы Ж.Ысмағұлов «Бәйімбет» Б. Майлиннің емес, С. Дөнентаевтың бүркеншік есімі деген тың деректі жария етті: «Дұрысында, «Бәйімбет» деген атпен С. Дөнентаев баспасөзде жиі жазып тұрғаны біраз адамдарға мәлім. Мұны кезінде Сәбит ақсақалдың Алматыда тұратын қызы Сәулет апайдан сұрағанда білгеніміз, ол жылдары Бейімбет тіпті Семейге ат ізін салмағаны оның өмірбаянынан белгілі» - деп жазды [19].

Алаш милициясының бастығы, мұғалімдер семинариясының шәкірті Қазы Нұрмұхамедұлының большевиктің қолынан қаза тауып, алаштың тауы шағылып, жас мәйітті көріп, жүректері егіліп тұрған сәтте жазылған репортаж. Кімде болса дәл сол оқиғаның басы-қасында болып, «Алаштың» жолында құрбан болған азаматты шынайы жоқтап, егіліп тұрып жазған дүниесі. Дәл сол тұста Б.Майлиннің Семейде болғандығы жөнінде ресми деректер кездесе қойған жоқ. Ал С. Дөнентаевтың Семейге келіп, газет-журнал жағалап жүрген кезі. Айта кететін жайт: «Байымбет» деген атаумен «Сарыарқаның» 1917 жылғы

сандарында бірнеше мақала жарияланған. Енді «Байымбет» атымен «Сарыарқаның» 1917 жылғы 24 нөмерінде жарияланған «Опат» деген қазанамаға назар аударайық: «Өткен сентябрдің басында Павлодарға қарасты Басқұдық болысының қазағы Мұхамедғалым хазірет Рамазанов опат болды. Оқуды Қазанда атақты Смағұл әл-Қашқари медресесінен оқып шығып, 40 шамалы жыл мешіт-медресе ұстап, бала оқытып тұрды. Жасаған топырағын жеңіл қылып, жақындары жолын жоғалтпауға жазсын» [20]. Мына қазанамадан «Байымбеттің» Керекулік азамат екенін анық байқауға болады. Қостанай уезінің тумасы Б. Майлиннің Керекулік қазіретке көңіл айтуы неғайбыл. Жалпы қазаққа ортақ тұлға болса бір сәрі. Газетке Керекулік үш азамат жазып тұрды: бірі Жүсіпбек, бірі Сұлтанмахмұт, бірі Сәбит. Бірақ, сол 1918 жылдың қысында Сұлтанмахмұт Семейде болмаған, Тұрағұлдың ұйғаруымен Абай еліне барып, қымыз ішіп, тынығып жатқан [21, 94 б.]. Ендігі таңдау екеудің біреуіне түседі. Қалай болғанда да «Тұңғыш құрбанды» шығармашылық қуаты зор қаламгердің жазғаны ақиқат. Мұнда сезіну, түйсіну, жан жүрегімен жеткізу бар. Қазыны шын жүрегімен жоқтаған жолдастық көңіл бар. Жүсіпбектің Қазымен семинарияның бір курсына оқыған жолдастығын да ұмытпаған жөн. Бұл бір. Екіншіден, «Байымбет» атымен жазылған «Абай» журналының I санында жарияланған «Жазушыларға» атты мақаланы барлай оқыған адамға «Басқармадағы», яғни журналдың басы-қасында жүрген азаматтың жазғанын аңғару қиын емес. Журналдың «Ескі сөз», «Билер сөзі» айдарына материал жинақтау мақсатында, ел ішіндегі шежіре ақсақалдарды журнал бетіне тарту мақсатында жазылған дүние. Үшіншіден, мақала соңын: «Ал жазушылар, біреуің ерініп, біреуің керігіп, не қазақты, не өздеріңді менсінбеген кісіше мелшиіп қала бермей, барларыңа мырзалық қылыңдар!» деп тақпақтап аяқтауы Жүсіпбектің стиліне ұқсайды. Сондықтан «Абай» мен «Сарыарқада» қатар материал жариялаған «Байымбет» бүркеншік есімін иеленген қаламгердің сыры толық ашылған

жоқ, әліде толыққанды зерттеуді қажет етеді демекпіз.

Сонымен бірге газет бетінде жарияланған Т. Құнанбаевтың «Адамдық негізі – әйел» (М.Әуезовпен бірігіп жазған), «Ел қамы» т.б. мақалаларындағы парасатты ойларынан, «Жас Алаш» деген автордың «Ұлы орыс үстемдігі» атты батыл да терең саяси талдауларынан қазақ журналистикасында жаңа бағыттың қалыптаса бастағанын байқауға болады. «Сарыарқа» газеті авторларының журналистік мұрасын зерттеу, баға беру – болашақтың еншісі деп білеміз.

Құндылығы. Зерттеу мақаласының нәтижелерін журналистика мамандығы бойынша білім алушыларға «Қазақ журналистикасының тарихы» пәнінен дәріске қосымша материалдар ретінде және қазақ журналистикасының тарихы, Алаш баспасөзіне қатысты зерттеулерде пайдалануға болады.

Қорытынды. Алашорда үкіметінің керегесі керіліп, уығы шаншылған, шаңырағы көтерілген қасиетті «Алаш» қаласында дүниеге келген «Сарыарқа» газетінің қазақ журналистикасы тарихында алар орны айрықша. Біріншіден, газет қазақ жеріндегі тұңғыш саяси басылым ретінде ерекшелінеді. Екіншіден, газет ресми түрде «Алаш» партиясының жария үні болды, «Алаштың» шын мәніндегі тілекшісі болды. «Алашорда» үкіметінің іс-әрекеттері, «Алаш» партиясының жиындары, Алаш әскері, Алаш құрбандары жайлы материалдар «Сарыарқаның» әрбір санында жарияланған. Үшіншіден, «Сарыарқа» газеті қазақ тарихының шынайы дерек көзі.

Қазіргі кездегі журналистика саласындағы білім беру ісінде білікті журналистерді даярлау – басты міндеттердің бірі. Ақпарат негізгі қаруға айналған уақытта білікті журналистерді даярлауда журналистика тарихын тереңдеп оқыту – заман талабы. Тарихты терең білген журналистер Алаш қайраткерлерінің еңбектерінің маңызы мен мазмұнына талдай жасай отырып, зерттеу жүргізуге, ғылыми материал жазуға, ақпаратты аудиторияға мүмкіндігінше оңай жеткізуге машықтанады.

Әдебиеттер

1. «Қазақ» газеті. Құрастырушылар: Субханбердина Ү., Дәуітов С., Сақов.Қ. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. – 413 б.
2. Алаш көсемсөзі: 10 томдық. 9-ші кітап: Сарыарқа. Құрастырушы: Омашев Н. О. – Алматы қаласы: Өнер, 2011. – 320 б.

3. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. – Алматы: Алаш, 2004. – Т.1. – 477 б.
4. Алаш партиясы // Сарыарқа. - 1917. - №20.
5. Сарыарқа газеті. - 1917-1919 жж. - № 2-88.
6. Алаш және Семей баспасөзі: ғылыми жинақ. Құрастырушылар: А. Смағұлова, М. Өндірман, Ж.Имангаликова. – Семей: Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, 2017. – 548 б.
7. Кенжебаев Б. Қазақ баспасөзінің тарихынан. – Алматы: Қазақ мемлекет баспасы, 1950. – 164 б.
8. Аллаберген Қ., Нұсқабайұлы Ж., Оразаев Ф. Қазақ журналистикасының тарихы. – Алматы: Рауан, 1996. – Б.87.
9. Жақып Б. Мұхтар Әуезов – публицист. – Алматы: Ана тілі, 1997. Б.36.
10. Марғұлан Ә. Шоқан және Манас. – Алматы: Ғылым, 1972. – 164 б.
11. Қоңыратбаев Ә. Эпос және оның айтушылары. – Алматы: Жазушы, 1975. – 110 б.
12. Sadykov S., Serdali B., Kazakh Printed Press Development in the Late 19th-early 20th Century // Global Media Journal. – 24 January, 2017. – URL: <https://www.globalmediajournal.com/open-access/kazakh-printed-press-development-in-the-late-19th-early-20th-century> (Accessed: 24.01.2017).
13. Рахимжан Н. Газета нации: история казахской журналистики берет свое начало с конца XVIII века. // Вечерний Алматы. 30.06.2022 – С.3-4.
14. Akhmetova L. Media Education in Kazakhstan: Work Experience Universal. Journal of Educational Research 4(8): 1753-1756, 2016. – URL: <https://files.eric.ed.gov/fulltext/EJ1110790.pdf> (Accessed: 24.01.2017).
15. Sailaukyzy A. Contemporary view to the history of Kazakhstan's democratic journalism and publicism // Redalyc journal. – April 2, 2018. – URL: <https://www.redalyc.org/journal/310/31057290032/html/> (дата обращения: 2.04.2018).
16. Сейфуллин С. Тар жол, тайғақ кешу. – Алматы: Жазушы, 2009. – 160 б.
17. Мұхамедханов Қ. Көптомдық шығармалар жинағы. IX том. – Алматы: Ел шежіре, 2011. – 129 б.
18. Халиолла М. Алаштың алғашқы құрбаны // Егемен Қазақстан. – 2003, 28 мамыр.
19. Ысмағұлов Ж. Жансақтық неден кетті? // Егемен Қазақстан. – 2003, 31 мамыр.
20. Байымбет. Опат. // Сарыарқа. – 1917. - № 24.
21. Еспенбетов А. Шығармалары. – Астана, 2014. – 294 б.

Reference

1. «Kazak» gazetі [«Kazakh» newspaper]. Comp. Subhanberdina Y., Dautov S., Sakov.K. (Kazakh Encyclopedia, Almaty, 1998, 413 p.).
2. Alash kozgalyzy [Alash preface]. 10 volumes. Book 9. Comp.: Omashev N. (Oner, Almaty, 2011, 320 p.).
3. Alash kozgalyzy. Kyzhattar men materialdar zhinagy [Alash movement. Collection of documents and materials]. Vol. 1. (Alash, Almaty, 2004, 477 p.).
4. Alash partiyasy [Alash party], Saryarka [Saryarka], 20 (1917).
5. Saryarka gazetі [Saryarka newspaper], 2-88 (1917-1919).
6. Alash zhane Semej baspasozі: gylimi zhinak [Alash and Semej press: scientific collection]. Comp. Smagulova A., Ondirkan M., Imangalikova Zh.]. (Shakarim State University of Semej, 2017, 548 p.).
7. Kenzhebaev B. Kazak baspasozinin tarihy [From the history of the Kazakh press] (Kazakh state publishing house Almaty, 1950, 164 p.).
8. Allabergen K., Nyskabayly Zh., Orazhev F. Kazak zhurnalistikasynyn tarihy [History of Kazakh journalism] (Rauan, Almaty, 1996, p.87).
9. Zhakyp B. Myhtar Auezov – publicist [Mukhtar Auevov is a publicist] (Ana tili, Almaty, 1997, p. 36).
10. Margylan A. Spokan zhane Manas [Shokan and Manas] (Gylym, Almaty, 1972, 164 p.).
11. Konyratbaev A. Epos zhane onyn aytushylary [The epic and its narrators] (Zhazushy, Almaty, 1975, 110 p.).
12. Sadykov S., Serdali B. Kazakh Printed Press Development in the Late 19th-early 20th Century, Global Media Journal. January 24, 2017. Available at: <https://www.globalmediajournal.com/open-access/kazakh-printed-press-development-in-the-late-19th-early-20th-century> (Accessed: 24.01.2017).
13. Rahimzhan N. Gazeta nacji: istoriya kazahskoj zhurnalistiki берет svoe nachalo s konca XVIII veka [Newspaper of the nation: the history of Kazakh journalism dates back to the end of the XVIII century], Vechernij Almaty [Evening Almaty], 30.06.2022 – P.3-4.
14. Akhmetova L. Media Education in Kazakhstan: Work Experience Universal. Journal of Educational Research 4(8): 1753-1756, 2016. Available at: <https://files.eric.ed.gov/fulltext/EJ1110790.pdf> (Accessed: 24.01.2017).
15. Sailaukyzy A. Contemporary view to the history of Kazakhstan's democratic journalism and publicism, Redalyc journal. – April 2, 2018. Available at: <https://www.redalyc.org/journal/310/31057290032/html/> (Accessed: 2.04.2018).
16. Sejfullin S. Tar zhol, taigak keshu [Narrow road, slippery road] (Zhazushy, Almaty, 2009, 160 p.).
17. Myhamedhanov K. Koptomdyk shygarmalar zhinagy [Multivolume collection of works]. Vol. IX (El shezhire, Almaty, 2011, 129 p.).
18. Haliolla M. Alashtyn algashky kyrbany [Alash's first victim], Egeven Kazakstan. – 2003, 28 мамыр.
19. Ysmaglov ZH. ZHansaktyk neden ketti? [Where did the stupidity come from?] // Egeven Kazakstan. May 28, 2003.
20. Baiymbet. Opat, Saryarka [Saryarka], 24 (1917).
21. Espenbetov A. Shygarmalary [Works] (Astana, 2014, 294 p.).

A.A. Ramazan¹, H.K. Kuantaev¹, B.Zh. Karimova²

¹Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

²Ilyas Zhansugurov Zhetysu University, Taldykorgan, Kazakhstan

The importance of the newspaper «Saryarka» in the history of Kazakh journalism

Abstract. The article is devoted to the comparison and evaluation of new data about the history and publishers of the publication «Saryarka», which has a special place in today's Kazakh journalism.

The newspaper «Saryarka», which appeared as the first political publication in the history of Kazakh journalism, was able to deeply explain the meaning of freedom and equality to the people and set an example for bold analysis of political changes. Articles of a political nature and brave analyzes were constantly published, which understood the essence of any cultural-scientific information, urged political figures to come together and take bold steps to straighten the country's spirit, to make political changes in the creation of the state. It has left its place in history as a publication that reflected various political features and directions, views of experts.

The purpose of the research article is to learn the history of media information, which is transmitted at a very large speed under the influence of the rapid development of the flow of information and digital technologies, to give an assessment of the past, to promote the works of Alash intellectuals who worked hard in the publication to the public, and to show the effectiveness and uniqueness of pseudonyms in the modern world media environment.

In the course of writing the article, an analysis was made of new data and pseudonyms of the authors of the «Saryarka» newspaper, which has a place in Kazakh journalism, and the features of its development and history were summarized.

Keywords: Kazakh journalism, Saryarka, Alash, history, authors, circulation, publishing.

A.A. Рамазан¹, Н.К. Қуантаев¹, Б.Ж. Каримова²

¹Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

²Жетысуский университет им. Ильяса Жансугурова, Талдыкорган Казахстан

Роль газеты «Сарыарқа» в истории казахской журналистики

Аннотация. Статья посвящена сопоставлению и оценке данных об истории и издателях газеты «Сарыарқа», занимающей особое место в истории казахской журналистики. Выходившая в городе Семее в 1917-1918 годах газета «Сары-Арка» была органом партии «Алаш».

Появившаяся как первое политическое издание в истории казахской журналистики, она с первых своих номеров поднимала острые общественно-политические вопросы. На страницах газеты печатались материалы, имеющие отношение к движению «Алаш Орда» и деятелям партии «Алаш». Здесь они выражали свои взгляды на проблемы, касающиеся судеб казахского народа.

Через освободительные идеи, пробуждающие национальное самосознание, через пропаганду национальной культуры формировались пути развития газеты. Каждым своим новым произведением она воспитывала подрастающее поколение в борьбе за свободу, пробуждая сознание, формируя умную, талантливую и думающую молодежь.

Цель исследовательской статьи - оценить вклад газеты «Сарыарқа» в развитие казахской журналистики, подчеркнуть ее важность в восстановлении истинной истории казахского государства, дать оценку публицистическому наследию деятелей Алаша, кропотливо работавших в издании, и популяризировать ее среди сегодняшних поколений.

В ходе написания статьи были использованы новые данные, касающиеся газеты «Сарыарқа», проведен анализ псевдонимов, истории и особенностей развития издания.

Ключевые слова: казахская журналистика, «Сарыарқа», издание, история, авторы, тираж, издательские функции.

Авторлар туралы мәлімет:

Рамазан А.Ә. – филология ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Қуантаев Н.Қ. – филология ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Каримова Б.Ж. – PhD, Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған, Қазақстан.

Ramazan A.A. – Doctor of Philology, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Kuantaev N.K. – Candidate of philological sciences, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Karimova B.Zh. – Ph.D., Ilyas Zhansugipov Zhetisu University, Taldykorgan, Kazakhstan.